

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

получается. В казахском языке: *Төрт құбыласы түгел. Бес қаруы сай. Атын үйрүксе bin de қақ* (Атың жүйрік болса, мін де қаш). Не упускать свой шанс, при необходимости всегда хвататься за возможностями. *Атына есек ми дедік?* (Атыңа есек дедік пе?) Принижали ли мы тебя, говорили ли плохо о тебе? Казахская альтернатива фразеологизма: *Әкең жаман дедім бе, шешең жаман дедім бе? Atla arpaуı döviştürmek (dalaştırmak)* (Ат пен арпаны төбелестіру). Разжигать огонь между людьми, поссорить. Казахская альтернатива: *Араға от салды (жақты, тұтамты). Atla deve değıl ya!* (Ат пен түйе емес қой!) 1. Придавать большое значение к мелочам. 2. Не стоищий много денег. Казахская альтернатива: 1. *Түймедейді түйедей қылу.* 2. *Әкеңнің құны емес. Atlar anası (Амтардың анасы).* Физически крупная женщина. Казахская альтернатива: *Бес биенің сабасындай.* Сейчас слово *бие* не используется в современном турецком языке. Но смысл и значение зоофразеологизмане отличаются. *Attan inip eşeğe binmek. (Амтан түсін, есекке міну).* Терять честь, достоинство. Казахская альтернатива: *Төрдегі басын есікке сүйреді. Atlıуı attan, уауауı yoldan ауырмак (Амтыны амтан, жаяуды жолдан айыру).* Человек, который готов на все, чтобы заполучить желаемое. Казахская альтернатива: *Бара жатқанның балтасын, келе жатқанның келтегін алып қалу.*

Язык дает большую возможность узнать о духовных сокровищах, полное представление культуры и жизни каждого народа. Прочитав слова казахского академика А. Кайдаров: «Язык считается не только средством общения между людьми, но и свидетелем его духовной природы и культурного богатства, язык обладает способностью впитывать в себя всю информацию, жизнь, знания о мире, передавать его из поколения в поколение как ценность.» [6 с. 325], можно сделать вывод, что духовная и культурная жизнь народа тесно связаны друг с другом благодаря языку. Таким образом, можно сделать вывод, что знания казахского и турецкого народов, связанные с лошадьми, возникли благодаря их собственному мировоззрению, сформировавшемуся по причине ценному отношению к лошади. Например: казахский народ уподобляет себя лошадям, выражаясь как «народ с лошадиным характером», так описывали стойкость и храбрость казахов. Такого сравнения отсутствует у турков, однако анатолийские турки говорят *Atın ölümü arpadan olsun*, что в переводе значит «несмотря на плачевный исход, заниматься любимым делом».

Список использованных источников

1. С. Г. Тер-Минасова. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, 2000. – 146 с.
2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: (этнолингвистикалық сөздік). I том. Адам. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2009. -780 б.
3. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М.: Аспект Пресс, 2006 – 536 с.
4. Каракузова Ж.К, Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – 78 с.
5. Катанов Н. Ф. Восточная хронология. Из курса лекций, читанных в Северо-восточном археологическом и этнографическом институте в 1918—1919 учебн. году. – Казань, 1920. - 240 с.
6. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Т.1. – Алматы: «Сардар», 2014.-521 с.

ӘОЖ 84.150

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ЖАСТАРЫ ДИСКУРСЫНДАҒЫ СЛЕНГ СӨЗДЕР

Жұмабек Қазына Болатбекқызы,

jqazyna@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Қазіргі таңда тіл білімінде антропоэзектік бағыт алдыңғы орынға шығып отыр. Бұл бағыттың тарихы ХХ ғасырдан бастау алады. Антропоэзектік бағыт бойынша адам-мәтін тұтастықта қарастырылады. Яғни адам жасаған мәтін адам ойының қозғалысын бейнелеп, ойдың динамикасын және оны тілдің көмегімен ұсыну тәсілдері арқылы әлемнің өзіндік бейнесін жасайды. Сондықтан антропоэзектік бағытта «динамикадағы мәтін» [1, 200], ерекше әлеуметтік феномен саналатын жастар дискурсы аясында сленг сөздерді зерттеу өте өзекті. Дискурс кең мағынасында, уақыттың мәдени тілдік мәнмәтіні (рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным), ал тар шеңберде қандай да мағыналы іс-әрекеттің (бұл жерде сөйлеу актісі туралы сөз болып отыр) нақты тілдік шындығы.

Зерттеуші М.Стаббс дискурстың негізгі сипаттамаларын айқындай отырып, оны формальды, мазмұндық, ұйымдастырушылық жағынан қарастырады. Мазмұндық жағынан дискурс тілді әлеуметтік мәнмәтінде қолдану болып табылады [2, 55-93]. Осы орайда айта кету қажет, тіл біліміндегі жастар тілі туралы ілім тілдің әлеуметтік стратификациясы (жіктелісі) туралы идеяны дамыту логикасына сәйкес қалыптасты. Яғни жастар тілі бастапқыда «тілдің тік бөлінісіне» кіретін басқа да формаларымен бірге (Бодуэн де Куртенэ), жалпыхалықтық сөйлеу тілінің бір түрі ретінде қарастырылды. Кейін ХХ ғасырдың ортасынан бастап мемлекеттердің мәдени-сөйлеу саясатына сәйкес жастар тілі «бұзылған» тіл ретінде қалыптасып, осы кезеңде жаргон сөздер объективті, бірақ нормаланған тіл үшін жағымсыз құбылыс болып саналды.

ХХ ғасырдың соңынан және қазіргі кезеңге дейін жастар тілін зерттеудің маңыздылығы арта бастағанын байқауға болады. Бұл туралы М.М. Копыленко, Л.П. Крысин, К.Ф. Седов сияқты орыс ғалымдарының еңбектерінде де жазылды. Бұл құбылыс тікелей лингвистикалық парадигманың жүйелі түрде антропоэзектік бағытқа өзгеруіне байланысты болды. Қазіргі таңда жастар дискурсын экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық факторлардың тоғысында қарастырылатын, эстетикалық ерекшелігімен сипатталатын, ауызша сөйлеу жүйесінің құралдары арқылы жасалатын мәдениеттің ерекше феномені ретінде түсіну зерттеудің дәстүрлі мәселелерін кеңейтті. Жастар дискурсы функционалдық-сөйлеу құбылысы ретінде мынадай категориялық белгілермен сипатталады: 1) категориялық ұйымның «өзім-өзге» белгісі бойынша полярлығы, ресми тұлғаға қарама-қайшылығы; 2) қарым-қатынастың диалогтылығы мен полилогиялығы; 3) коммуниканттардың құндылық бағдарларын айқындайтын берілетін тақырыптық кеңістіктің болуы; 4) коммуникативтік дау мен толеранттылықтың үйлесімі; 5) тендерлік (гендерлік) фактордың маңыздылығы; 6) дискурсты бейнелеудің көркемдік формасының болуы; 7) экспрессивтіліктің жоғары дәрежесінде көрінетін тілдік карнавализация немесе сөзойнатым тәсілдерінің қолданылуы. Тіл білімінде сленг сөздер жастар дискурсының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Осы орайда жаргон және сленг сөздердің ара жігін ажыратып алуды жөн көреміз. Ағылшын тілді зерттеу еңбектерінде жалпы нормадан ауытқыған тілді білдіру және белгілеу үшін «сленг» терминін қолданады. Сөздіктерде бұл сөздің кем дегенде екі негізгі түсіндірмесін береді. Бірінші мағынасы, қоғамның белгілі бір топтарының немесе субмәдениеттерінің қолданатын ерекше сөзі, екіншіден, бейресми қарым-қатынас үшін кеңінен қолданылатын лексика. Қазіргі тіл білімінде «сленг» сөзінің шығу тегі туралы бірнеше нұсқа бар. Бір деректерде slang сөзі ағылшынның sling «лақтыру» сөзінен шықты деп айтылады. Осы тұста «біреуге тіл тигізу» мағынасындағы ежелгі «to sling one's jaw» тіркесі ойға оралады. Келесі бір деректерде сленг «slanguage» сөзінен, яғни S әрпі thieves сөзінің жоғалуы нәтижесінде тілге қосылған делінеді, бастапқыда thieves «ұрылардың тілі» болды [3, 183].

Қазақ және орыс тіл білімінде жазылған еңбектерде көбіне сленг сөздерді жаргон сөздердің бір түрі ретінде сипаттайды. Мәселен, М.Балақаев жаргондар туралы: «Жаргон сөздер – әдеби тілдің лексикалық нормасынан тыс сөздер», – дейді. Ал Ғ.Қалиев: «Жаргондар көбіне дворяндық аристократия мен буржуазиялық үстем таптардың, дін адамдардың және

чиновниктердің арасында қолданылған. Жаргондардың өз алдына сөздік қоры, грамматикалық құрылысы болмайды, олар мұны жалпыхалықтық тілден алады, бірақ жалпыхалықтық тілдегідей емес, өз мақсатына қарай өзгертіп, басқаша түрде пайдаланады» – деп анықтама берген. Соңғы берілген анықтама сленг сөздердің сипатын ашады деп ойлаймыз. Сленг – жаргондардың бір түрі, дегенмен сленгтің өзіндік ерекшелігі бар. Орыс тіл білімінде В.А. Хомяковтың анықтамасы жиі келтіріледі: «жаргон – кеңінен қолданылатын, стилистикалық танбаланған лексикалық қабат (зат есімдер, сын есімдер, тұрмыстық құбылыстарды, заттарды, процестер мен белгілерді білдіретін етістіктер), сондай-ақ пейоративті экспрессияға ие, әдеби стандартқа жақындау дәрежесі бойынша өте гетерогенді, ауызекі тілдің экспрессивті құрамдас бөлігі» [4, 43-44]. Бұл анықтамада сленг сөздердің келесі белгілері назар аудартады: экспрессивтілік, әдеби стандартқа жақындау дәрежесі (гетерогенді) бойынша, стандартталған тұрақты мысалдарды табуға болады, дегенмен бір жағынан тұрақты емес, жаңарып отыратындығымен ерекшеленеді, сондай-ақ бастапқыда қоғамдағы белгілі бір топ қолданған сөздер кейін жаңа мағынаға ие болып, басқа топ қолдана алады (мәселен өсекші мағынасын білдіретін «шестерка» сөзі алғашында ұрылар қолданған сөз екен). Сонымен сленг және жаргон сөздерді салыстыра келе, сленг сөздердің мынадай ерекшеліктерін атап өтуге болады: сленг сөздер белгілі бір әлеуметтік шектеулермен сипатталады, дегенмен шектеулер топтық емес, интеграцияланған, яғни нақты әлеуметтік-кәсіби бағытқа ие емес, оны әртүрлі әлеуметтік және білім беру мәртебесіне ие адамдар қолдана алады. Сленг сөздердің тағы бір ерекшелігі – екіншілік метафоралық мәнге ие бола алуында. Мысалы, толық адамды – «бөшке», қызғаншақ адамды – жылауық, қуғынбай – артық сөйлеп кететін адам, сындырды – көндірді, т.б. Мәселе жастар сленгіне байланысты болғандықтан басқа сленгтерге қарағанда жастар сленгінің ерекшеліктерін атап өтудің маңызы зор деп ойлаймыз. Сонымен, жастар тілі: белгілі бір жас категориясындағы адамдардың тілдесуін қамтамасыз етеді. Жастар сленгі көбінесе 12-15 жастан бастап 25-35 жас аралығында қолданылады; жасы үлкен адамдарға көбіне түсініксіз болады; жастар сленгінің пайда болуының алғышарттары ретінде жастардың қоршаған ортадан оқшауланып, бөлектенуге талпынуын айтамыз; сәнді, көңілді тілдесуге қол жеткізуді; қандай да бір дара, өзіндік сөз ойлап табуды; әдеби тілге қарағанда ыңғайлылық пен үнемділікті көздейді. Сленг сөздердің үлкен бір тобы – жастар сленгі (көбіне оқушылар, студенттер, белгілі бір субмәдениет өкілдері бас құраған кезде қолданатын сөздер). Тақырыптық бөлініс бойынша студенттердің ЖОО-да қолданатын сленг сөздерін қазақ және түркі тілдерінен мысалдар келтіріп, ерекшеліктерін қарастырсақ. Мәселен, қазақ тілінде орыс тілінен енген «ботан» – топтағы сабақтан бас алмай, жақсы оқитын студент, хата – үй, баспана; қысқартып қолдану арқылы – универ, академ, общага, филфак, геофак, журфак, степуха, перваш, старшак, сушняк, шпор; метафораланған тіркестер – сессия (тар жол, тайғақ кешу), студенттік өмір – соғыс пен бейбітшілік, стипендия – аштық арашасы, т.б. Жоғарыда сленг сөздер алғашында қоғамның белгілі бір топтары қолданып, кейін қоғамның басқа тобы қолданатын сөздер қатарына өте алатынын атап өттік. Түрік тіліндегі студент жастар қолданатын сленг сөздерге мысал келтірсек: *gardıyan* (түрме күзетшісі) – *pöbetçioğretmen* (сынақ тапсырып жатқанда тексеріп тұратын кезекші мұғалім), *hapıshane* (түрме) – *okul* (мектеп), *angaryu* (ауыр жұмыс, каторга) – *ödev* (үй жұмысы), *kudurma saatı* (белгілі бір уақыт аралығы) – *teneffüs* (үзіліс), *kabus* (сұмдық) – емтихан.

Жастар тіліндегі сленг сөздердің келесі бір тақырыптық тобы – әлеуметтік атаулар мен тіркестер. Мысал ретінде қарапайым күнделікті өмірде қолданылатын «базар жоқ», «сындырды», «лапша ілді», «құлақтан тепті», «картопты жарды», «тартыл», «қуады екенсің», «бітіп қалдым», «лақтырып кетті», «жыртты», «қоянның суретін салып кетті», «қораға кірді», «балта қадады», «өшті», «мат қылды», «ат екенсің», «күлкіден қырылып қалды», «шашып тастады», «менің артымды жабындаршы», «әрі ойна», «қашып кетші», «қума» т.б. сөздер мен сөз тіркестерін жиі естиміз. Ендігі тұста бұл сөздердің мағынасын ашып, негізгі нұсқасын анықтап көресек. «Базар жоқ» – айтуға сөзім жоқ, тамаша, өте жақсы, керемет; «сындырды»: жігіт қызды сындырып алды десе, онда ол жігіт қыздың көңілін өзіне аударды, келісімін алды, қаратты дегенді білдіреді. Ал

егер, «ақша сындырды «десек, онда күшпен ақша жинап алды деген ұғымды береді. «Лапша ілді, құлақтан тепті, қоянның суретін салып кетті» – алдап кетті, сазға отырғызды; «картопты жарды» – қатырды; «тартыл» – қатарға қосыл, кел; «қораға кірді» – сәтсіздікке ұшырады. Түрік ғылыми-техникалық зерттеулер ұйымы әлеуметтік атаулар мен тіркестердің оқушылар арасында қолданылуы тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 14 пен 25 жас аралығындағы 220 адам қатысқан. Осы жас санаттарындағы оқушылар арасында он жеті жастағы жастар сленгты жиі қолданатындығы анықталды. Жынысына байланысты ұлдар қыздарға қарағанда сленгты жиі пайдаланады екен. Жоғарыда көрсетілген қазақ тіліндегі сленг сөздерді де көбіне ер балалар қолданатынын байқауға болады. Бұл жағдай гендерлік ерекшеліктерге тікелей байланысты деп айта аламыз. Күнделікті сөйлеу жүйесінде сленгтерді респонденттердің 70%-дан астамы пайдаланады екен [5]. Түрік жастарының арасында ең көп қолданатын сленг сөздерінің қатарында: oha – ей, сен; dingil – ақымақ, лох; lan – дос, бауыр; kızım – ақымағым.

Сленгке енетін сөздердің семантикасы өте кең және іс жүзінде ешқандай шеңбермен шектелмейді. Түрік тіліндегі сленг сөздерді мынадай топтарға жіктеуге болады: 1) фауна: inek (сиыр) – «өте қатты тырысатын студент»; koyun (қой) – «момын»; ördek (утка) – «жолаушы» (такси жүргізушілерінің қолданысы); balina (кит) – «толық; ev tavuğu (үй тауығы) – «тұрмыстағы әйел». 2) флора: soğan (пияз) немесе soğan erkeği – «қорқақ», «жігерсіз»; т.б. 3) табиғат: toz (шаң) – «героин»; toprak (топырақ) – «сапасыз есірткі»; ateş (от) – «ақша»; 4) музыкалық аспап: düdük – «ақымақ»; davul (барабан) – «өсекші». Соңғы жылдары қазақ жастарының арасында ауызша, жазбаша болсын ағылшын тілінен енген кірме сөздер жиі қолданылады. Мысалы: goy - ағылшынның «go» - жүру, кеттік», lol - «ағылшынның laughing out loud «қатты күлу», изи-оңай, кэш-ақша, ок-жақсы, т.б. Қазіргі уақытта интернеттің дамуына байланысты жастар сленгі әлеуметтік желілерде көп пайдаланылатыны анық. Инстаграм желісінде және басқа да әлеуметтік желілерде жиі қолданылатын жастар сленгінің қатарына төмендегілерді жатқызуға болады: хайп – шуы көп, даурықпа, дүрлікпе. Ағылшынның «hure» сөзінен шыққан айқайшыл немесе алдамшы жарнама. Мысалы, қазір «хайп іздеп жүр» деген сияқты тіркес те қолданылады. Хейтер — бір нәрсеге немесе біреуге деген жеккөрініш. Ағылшынның «to hate» – жек көру сөзінен шыққан хейтер сөзі жастар арасында кеңінен қолданылып жүрген сленг деуге болады. Жастар сонымен қатар LOL, OMG (Oh my God), BFF (best friend forever) сияқты англицизмдерді де жиі қолданады. Қазақ тіліндегі сленгтер тек сөз және сөз тіркестерінен ғана тұрмайды. Санмен белгілі бір мағына беретін сленгтер де бар. Мәселен, 2nite, 4ever. Қазақ жастарының сленгтерді қолданып сөйлесуі барысында кірме сөздерді қолданып сөйлеу өте жиі кездеседі. Мысалы, кул, пати, кэш, видос. Бір нәрсенің жақсы қасиетін білдіру үшін «кул» сөзін қолданады. Ағылшын тілінің сөзі + орыс тілінің қосымшасы: френдить, шопиться, респектуха; бұл жердегі «респектуха» ағылшынның «respect», яғни «құрмет» сөзінен енген және жағымды мағынаға ие ойларды жеткізуде қолданылады. Осындай мысалдардан қазақ жастары қолданатын сленгтерде ағылшын тілінің ықпалы ерекше байқалады. Қорыта айтқанда, екі халықтың да жастары осы сленгтерді төмендегідей себептермен қолданатындығы анықталды: өзгеге әсер қалдыру үшін; өзіне сенімділік сезімін беру үшін; жаңаша, өзгеше болу үшін; басқа біреулер түсінбес үшін; әзіл ретінде; белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығын көрсету мақсатында. Жастар ғаламторды көп пайдаланатындықтан, хат алмасқанда түрлі сленгтерді қолдануы бірнеше тілдегі сөздерді қатар қолданатынын көрсетеді. Мұндай жағдай, тіпті қазақ жастарының арасында сәнге айналып барады деуге болады. Жалпы ғаламторда, әлеуметтік желілерде жастар пайдаланатын сөздер ертеңгі жастардың да сөйлеу тіліне орнығуы мүмкін. Алайда бұл сөздер өз бетінше өте маңызды, себебі сленг сөздер – бүгінгі тіршіліктің бір көрінісі, заман талабы, әлемдік көштен қалмаудың бір жолы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ернарарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксисінің бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол.ғыл.док. ...дис. – Алматы, 2001. – 246 б.

2. Stubbs M. Discourse Analysis: The Sociolinguistic Analysis of Natural Language. – Oxford: Blackwell, 1983. – 279 p
3. Pei Mario The History of English Language. N.Y.: New American Library, 1994 c.
4. Хомяков В.А. Нестандартная лексика в структуре английского языка национального периода. Автореф. докт. Дис. ... канд. филол. наук. Л., 1980
5. Ferda Selika DAMLA, Sümeýra DGBLEN. Argo Dil Kullanımının Okul Türüneve Cinsiyete Göre Değişimi Üzerine Sosyolojik Bir İnceleme: Eskişehir İli Örneği. – Bursa, Ocak 2012. – 67 s.

УДК 930.85

ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ОСМАНСКОЙ ДВОРЦОВОЙ КУХНИ

Ками Темірлан Маралбекұлы

temirlankami83@gmail.com

студент факультета международных отношений,
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Ж.К. Айдарбекова

Турецкая кухня формировалась на протяжении столетий. Она берет начало от кочевых тюркских племен, тюркские племена огузов и сельджуков в свою очередь переняли кулинарные традиции Арабских стран, Ирана, Кавказа, Средиземноморья и Балкан. Но основные черты турецкой кухни сложились во времена Османской империи. Традиции османской кухни во многом базировались на постулатах ислама, в том числе различных пищевых запретах. Как известно, вся еда для мусульман делится на разрешенную-халяль и запрещенную-харам [1, 5].

Харамом считаются: алкоголь, свинина, мясо бродячих животных, дохлятина, а также мясо животных, умерщвление которых прошло ненадлежащим образом. Как правило османы придерживались данных пищевых правил, но за исключением алкоголя. Вино было неотъемлемой частью трапезы [2, 23].

Основатель династии - Осман I жил в XIII-XIV веках, он вел кочевой образ жизни и был неприхотлив в быту. Согласно сохранившимся документам, описывающим дары Османа I местным византийским правителям, он посылал им ковры, баранину и овечий сыр. Во время кочевых походов он использовал византийские крепости для хранения меда, йогурта и айрана [3, с.56].

Как и все кочевники, османы XIII-XIV веков употребляли в пищу большое количество мяса, молочных продуктов и животного жира. Известно, что самым распространенным блюдом в то время стал- Борек. Это не сладкая выпечка в виде пирогов, либо треугольников с мясом, курицей и овощами. Традиции роскошных дворцовых пиров зародились гораздо позже [4, 29]. Султан Мурад II правил в XV веке, к этому времени бывшие кочевники сельджуки стали оседлыми османами, империя пережила множество потрясений и изменений, но несмотря на это он покровительствовал искусству и усовершенствованию национальной кухни. Традиции дворцовых обедов и званых ужинов появились именно во времена правления Мурада II. Кулинарная книга азербайджанца Ширвани, одного из его врачей, описывает около двухсот различных блюд и напитков. Там встречается сорок различных видов плова и шорпы, а также описывается немалое количество сладких десертов из меда, орехов и молока. Среди напитков: рецепты фруктовых отваров, сиропов и шербета [5, 89]. Дворцовую кухню в Османской империи стали называть «Матбах-и Амуре».

Мехмед II- Завоеватель Константинополя во многом перенял традиции греков и балканских народов. Именно во время его правления на дворцовых столах появилась рыба и